

Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 15 шілдедегі № А-5/295 "Ақмола облысының аумағында арнайы стационарлық үй-жайларды орналастыру және оларды эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз өнімін өткізу ережелерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2010 жылғы 26 қаңтардағы № А-1/18 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 2 наурызда № 3347 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 10 тамыздағы № А-9/396 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2012.08.10 № А-9/396 қаулысымен.

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңдарына сәйкес Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы әкімдігінің «Ақмола облысының аумағында арнайы стационарлық үй-жайларды орналастыру және оларда эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз өнімін өткізу ережелерін бекіту туралы» 2008 жылғы 15 шілдедегі № А-5/295 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3260 болып тіркелген, 2008 жылғы 16 тамызда «Арқа ажары» және «Ақмолинская правда» газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

«Ғ.М. Бекмағамбетовке» сөздері «Қ.С.Әбдірайымовқа» сөздерімен ауыстырылсын;

осы қаулымен бекітілген Ақмола облысының аумағында арнайы стационарлық үй-жайларды орналастыру және оларда эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз өнімін өткізу Ережелерінде:

3 - т а р м а қ т а :

2-тармақша келесі редакцияда мазмұндалсын:

«2) арнайы стационарлық үй-жай - эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз өнімі өткізілетін іргетасы мен қабырғаларына нұқсан келтірместен бұзуға келмейтін ғимарат, құрылыс немесе оның бір бөлігі.» ;

4-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«4. Арнайы белгіленген стационарлық үй-жайлар:

балаларға арналған және оқу орындарының, мемлекеттік мекемелердің, мәдениет, денсаулық сақтау және білім беру мекемелерінің ғимараттарының, діни ғұрыптар орындалатын ғимараттар қоршауынан, қоршауы болмаған жағдайда ғимараттардан;

сәулет және тарихи ескерткіштерден радиусы 100 метрден астам аумақта орналастырылады.» ;

6, 7 тармақтар алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.С. Әбдірайымовқа жүктелсін.

3. Облыс әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

А. Рау